

Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын аудыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 90/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 наурызда № 32073 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.01.2024 № 7/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2)-тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын аудыстыру) туралы қағидалар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.01.2024 № 7/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэробарыш өнеркәсібі
министрі
2023 жылғы 13 наурыздағы
№ 90/НҚ Бұйрықпен
бекітілген

Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 13-бабының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) және геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсаттар беру мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде геодезия және картография саласындағы уәкілетті орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторын және Бірыңғай байланыс орталығын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) геодезиялық пункт – жер бетінің нүктесін белгілі бір координаттармен және (немесе) биіктіктермен және (немесе) ауырлық қүшінің мәндерімен бекітетін инженерлік конструкция;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терілі.

2-тарау. Геодезиялық пункттерді қорғау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. Мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілердің пункттері, оның ішінде осы пункттердің жерусті белгілері мен орталықтары мемлекеттік меншік болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады.

4. Ұлттық кеңістіктік деректер қорын жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік кәсіпорын геодезиялық пункттерді есепке алуды, тұрақты жұмыс істейтін референциялы станциялар желісінің тұтастығын бақылауды жүзеге асырады.

4-1. Геодезиялық пункттерді қайта салу (орнын ауыстыру) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 222/НҚ бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік геодезиялық, нивелирлік және гравиметриялық желілерінің пункттері мен белгілерін салу, зерттеп-қарастыру және қалпына келтіру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5. Геодезиялық пункт орталықтан, сыртқы белгіден және геодезиялық белгінің шекарасы болып табылатын жыра немесе бел түріндегі сыртқы безендірмeden тұрады. Геодезиялық пункттің сыртқы безендірмесі болмаған жағдайда сыртқы белгінің негізі оның шекарасы болып табылады.

Арнайы орталықтары ғимараттар мен құрылыштардың қабырғаларына салынған геодезиялық пункттер үшін пункттердің шекаралары мен қорғау аймақтары белгіленбейді. Бұл ретте қабырғалық марка немесе қабырғалық репер қорғалуға тиіс.

6. Геодезиялық пункт орналасқан жер участкесі, геодезиялық белгінің шекарасы және оларды бойлай жағаланған ені 1 метр жер жолағы геодезиялық пункттердің қорғау аймағы болып табылады.

7. Аумағында геодезиялық пункттер орналасқан жер участкелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылары (бұдан әрі – меншік иелері мен жер пайдаланушылары) геодезиялық пункттердің бүліну немесе жойылу жағдайлары туралы уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды.

Геодезиялық пункттердің бүлінуі немесе жойылуы анықталған сәттен бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылары он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жазбаша хабарлама жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Меншік иелері мен жер пайдаланушылары геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу кезінде геодезиялық пункттерге көлікпен (жаяу) кіруге мүмкіндік береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Топографиялық түсірілімдер үшін геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізген кезде геодезиялық және нивелирлік желідегі геодезиялық пункттердің тығыздығы:

елді мекеннен тысқары аумақтарда 1:25000 және 1:10000 масштабта – 50-60 шаршы километрге 1 геодезиялық пунктті;

елді мекендер (қалалар, кенттер және ауылдық елді мекендер) аумақтарында 1:2 000 және одан ірі масштабта – 5-15 шаршы километрге 1 геодезиялық пунктті құрайды.

10. Геодезиялық пункттердің бүлінгендігі немесе жойылғандығы туралы ақпарат келіп түсken жағдайда, жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, геодезиялық пункттің бүлінуі (жойылуы) туралы акт жасайды.

11. Геодезиялық пункттерді жою немесе бұлдіру "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 138-бабы 2-тармағында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3-тарау. Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) тәртібі

12. Геодезиялық пункттерді бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) (бұдан әрі – рұқсат) Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) рұқсатымен ғана жүргізіледі.

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) өтінішті (

(бұдан әрі – өтініш) "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы ұсынады.

14. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түсken күnі оны қабылдайды, тіркейді және көрсетіletіn қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскеріне (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыскері) орындауға жолдайды.

Көрсетіletіn қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндөрі жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және көрсетіletіn қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күnі жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіrkeу (қайта tіrkeу), дара кәsіпкерді tіrkeу не дара кәsіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы мәліметтерді көrсетіletіn қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттіk ақпараттық жүйелерден алады.

15. Көrсетіletіn қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде, "жеке кабинетке" мемлекеттіk қызмет көrсетуге арналған өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттіk қызметті көrсету нәтижесін алу күnі мен уақыты көrсетілген хабарлама жолданады.

16. Көrсетіletіn қызметті берушінің жұмыскері өтініш тіrkelген сәттен бастап біr жұмыс күnі ішінде, көrсетіletіn қызметті беруші уәкілетті тұlғасының ЭЦҚ қолы қойылған геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) болатындығы немесе болмайтындығы туралы сұрауды, зерттеу жүргізу үшін топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізуді жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты кәsіпорынға (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты кәsіпорын) дайындайды және жолдайды.

Ескеrtу. 16-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аeroғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік он күn өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Ведомстволық бағынысты кәsіпорын алты жұмыс күnі ішінде бұрыннан бар геодезиялық желіні дамыту және жаңарту перспективаларын анықтауды, сондай-ақ геодезиялық пункттің орналасқан аумағына бару арқылы, осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес геодезиялық пункттердің тығыздығын анықтауды қамтитын зерттеу жүргізеді.

Ведомстволық бағынысты кәsіпорын біr жұмыс күnі ішінде зерттеу нәтижелері бойынша көrсетіletіn қызметті берушіге геодезиялық пункттердің тығыздығын, бұрыннан бар геодезиялық желіні дамыту және жаңарту перспективаларын ескере отырып, геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) болатындығы немесе болмайтындығы туралы оң не теріс қорытынды жолдайды.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері оң қорытынды алған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолы қойылған электрондық күжат нысанында ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзіммен геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсатты береді.

Теріс қорытынды алған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөніндегі алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші электрондық күжат нысаны бойынша рұқсат береді не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес рұқсатты беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындалған, көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған рұқсатты не дәлелді бас тартуды жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НК (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

19. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақпараттық жүйеге енгізууді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті рұқсаттар мен хабарламалар ақпараттық жүйесі арқылы көрсеткен кезде, мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түседі.

4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртіbi

20. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғага беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңын 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Геодезиялық пункттерді қорғау,
бұзу немесе қайта салу
(орнын ауыстыру) туралы
қағидаларға
1-косымша
Нысан

Геодезиялық пункттің бүлінуі (жойылуы) туралы акт

20 ____ жылғы " __ " _____

(елді мекеннің атавы, пошталық мекенжайы)

Біз, төменде қол қойғандар _____

(актіні жасағандардың тегі, аты,

әкесінің атасы (болған жағдайда), лауазымы, занды тұлғаның атавы)

20 жылғы " __ " _____ акт бойынша сақталуын бақылау үшін қабылданған

(геодезиялық пунктті сақталуын қадағалау үшін беру актісіне сәйкес)

орналасқан

(геодезиялық пункттің атауы немесе нөмірі)

геодезиялық пунктінің бүлінуі (жойылуы) туралы осы актіні жасадық.

Карау кезінде

(орталықтың, сыртқы белгісінің, бағдарлық пункттердің)

және сыртқы безендірменің жай-күйі, геодезиялық пункттің бүлінуіне немесе

жойылуына әкеп соқтырған себептер, сондай-ақ кінәлі адамдар көрсетілсін)

анықталды.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Геодезиялық пункттерді
коргау, бұзу немесе қайта салу
(орнын ауыстыру) туралы
қағидаларға
2-қосымша
Нысан

"Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беру"
мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.01.2024 № 7/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беру
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	"Электрондық үкімет" веб-порталы
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	9 (тоғыз) жұмыс күні

5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) арналған рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
7	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алышнатын төлемакы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған.</p>
	Мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін көрсетілетін қызметті	"Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының келісімі мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін талап

9	алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге электрондық құжат нысанындағы геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) өтініш
10	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген негіздер	<p>1) геодезиялық пункттер тығыздығының, қолда бар геодезиялық желіні жаңарту және дамыту перспективаларының болмауы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
11	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескерілген езге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы акпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Геодезиялық пункттерді
корғау, бұзу немесе қайта
салу (орнын ауыстыру)
туралы қағидаларға
3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш өнеркәсібі
министрлігіне

(жеке тұлғаның аты,
әкесінің аты
(бар болса), тегі,

немесе заңды тұлғаның
толық атаяу)

Ескерту. З-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нөмірі _____ "___" 20__ жыл

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын аудыстыруға) өтініш

(облыс, аудан, елді мекен)





аумағында орналасқан геодезиялық пунктті бұзуға немесе қайта салуға (орнын аудыстыруға) рұқсат беруді сұраймын.

Геодезиялық пункттің атаяу немесе нөмірі

Геодезиялық пунктті бұзуға немесе қайта салуға (орнын аудыстыруға) өтініштің себебі

(себебін көрсету)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

Геодезиялық пункттерді
корғау, бұзу немесе қайта
салу (орнын аудыстыру)
туралы Қағидаларға
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және
аэробарыш өнеркәсібі министрлігі



Министерство цифрового
развития,
инноваций и аэрокосмической
промышленности
Республики Казахстан

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын аудыстыруға) рұқсат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - КР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

Нөмірі _____

"___" ____ 20__ жыл

Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі не заңды тұлғаның толық атауы





Геодезиялық пункттің орналасқан орны _____

(облыс, аудан, елді мекен)

Корытынды _____

[Кол қоюшының лауазымы]

[Кол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равноначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және
аэробарыш өнеркәсібі министрлігі



Геодезиялық пункттерді
корғау, бұзу немесе қайта
салу (орнын аудыстыру)
туралы қағидаларға
5-қосымша
Нысан

Министерство цифрового
развития,
инноваций и аэрокосмической
промышленности
Республики Казахстан

Жеке тұлғаның аты,
әкесінің аты (бар болса),
тегі не заңды тұлғаның

Дәлелді бас тарту

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 26.03.2025 № 124/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нөмірі _____





"___" ____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Сіздің 20 __ жылғы "___" _____ № _____ өтінішінде қарастырып, мынадай себеппен геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат беруден бас тартады:

[Дәлелді бас тартудың себебі]

[Кол қоюшының лауазымы]

[Кол қоюшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равноначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі
2023 жылғы 13 наурыздағы
№ 90/НҚ Бұйрыққа
қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығы.

2. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 353/НҚ бұйрығы.

3. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бұйрықтарының кейбір құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 122/НҚ бұйрығы.

4. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 25 мамырдағы № 185/НҚ бұйрығы.

5. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 480/НҚ бұйрығы.